

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ŞÜĞYLA-RADUGA

№22 (6560), 21 наурыз 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады



Аудан айнасына 60 жыл

ШАЛҚЫМА

ҚҰТТЫҚТАУ

НАУРЫЗ – ЖАҢАРУДЫҢ МЕРЕКЕСІ

Әрбір шаңыраққа
Қыдыр дарып,
Бақ қонсын!



Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының, аудандық мәслихаттың төрағасы Мұхтар Шайдаевтың аудан тұрғындарын Наурыз мерекесімен құттықтауы

Құрметті аудан тұрғындары! Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жыл басы, мейірім мерекесі ретінде тойланатын осынау жаңа күнді қайырлы халқымыз ерекше құрметпен қарсы алады. Жаңа күннен жағымды жаңалық күтеді, мол ғибрат пен тағлым табады.

Ынтымағы жарасқан аудан тұрғындары халықтық мерекені бірнеше күннен бері қуанышпен қарсы алып жатыр. Наурызнама онкүндігі 14 наурызда Көрісу күні – Амал мерекесінен бастау алып, шаг-шадыман күйге бөленді. Содан бері қайырымдылық кезеңін, Шаңырақ күнін өткіздік. Мәдениет пен ұлттық салт-дәстүрді дәріптеп, ұлттық киімді ұлықтадық. Жаңару күнінде жаппай ағаш отырғызу акциясына қатыстық. Ұлттық спортқа ден қойып, көшпенді өркениеттің рухын биіктеттік. Осындай игі шараларға бәріңіз куә болдыңыздар.

Жұртымыз Наурызды бірлік пен татулықтың, еңбек пен ізгі амалдардың мерекесі деп қабылдайтыны бесенеден белгілі. Бір-бірімізбен қуана көріскеніміз, амандық пен саулық сұрасқанымыз, жұмысқа бірге жұмылғанымыз, келісім мен достықты дәріптегеніміз қандағы бар асыл қасиеттерімізден, кішіпейілдік пен бауырмалдықтан туындап жатса керек.

Ардақты ағайын!

Тамырын ғасырлар қойнауынан тартқан Ұлыс күні құтты болып, әрбір шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын! Жаңа күнді ізгі ниетпен, жақсы тілекпен қарсы алып, бір-бірімізге жүрек жылуын таратайық. Ұлыс оң болсын, қадірменді жерлестер!

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ҚҰРАҚ ҚҰРАҒАН КӨПБАЛАЛЫ АНА

Ата-бабадан аманат болып жеткен асыл мұра – аналар алақанынан өрбіген құрақ елдің ырыздығы мен құт-берекесінің нышаны саналған. «Қыздың жолы жіңішке» деп ұққан жұрт қыз жасауына ерекше мән берген, әрбір оюына мән-мағына, әрбір құрағына кие мен қасиет дарытқан. Осы игі дәстүрді бүгінгі күнмен сабақтастырып жүрген жандардың бірі – көпбалалы ана, шебер қолөнерші Раушан Бағысова.



Раушан Қуанышбайқызының қолөнерге деген қызығушылығы бала күнінен басталған. Анасының жанында жүріп, қыз жасауына қажетті бұйымдарды тігуге көмектескен ол уақыт өте келе бұл істің қыр-сырын жетік меңгереді. Алғашында үй жағдайында шағын тапсырыстар қабылдап, шеберлігін шыңдаған ол 2020 жылы мемлекеттен 550 мың теңге қайтарымсыз грант ұтып алып, тігін машиналарын сатып алады. Бұл қадам кәсібін кеңейтіп, тұрақты табыс көзіне айналдыруға мүмкіндік береді.

Ауыл-аймақтың ажарын ашып, экологиялық ахуалды сауықтыруды көздеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев баршамызға зор міндет жүктеді.

Үлгі дәстүр Жалғаса береді

Сол міндет жүгін мойымай көтеріп, айналаны абаттандырып, өзіміз тұратын мекеннің тазалығын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны жасыл желекпен, көк торғынмен көмкеру – бәріміздің азаматтық борышымыз. Ең бастысы, жергілікті тұрғындар қоршаған ортаны қорғау, табиғатты жанашырлықпен аялау үлкен мәнге ие екенін жақсы біледі.



ИГІЛІКТІ ІС

ЖАҢАРҒАН РЕДАКЦИЯ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ ОРАНДЫ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Аудан айнасы «Шұғыла-Радуга» газетінің 60 жылдық тарихында небір мықты қаламгерлердің қолтаңбасы қалды. Олар өзіндік жазу мәнерімен, бойында бар адами ізгі қасиеттерімен, қайраткерлігімен жылдар бойы басылымның абырой-беделін арттырып, кейінгі буынға үлгі болатын сара жол салды. «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген нақыл бұлжымас қағидаға айналды. Бүгінгі буын аға буынның ізмен ізеттіліктің, адамгершіліктің, кәсібиліктің жолын ұстанып келеді.

РЕФЕРЕНДУМ

БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТҚАНДАР
МАРАПАТТАЛДЫ

Кеше аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының төрағалығымен 15 наурызда өткен республикалық референдум қорытындысына арналған кеңейтілген актив отырысы өтті.

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Жиынға уәкілетті мемлекеттік органдардың басшылары, аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, зиялы қауым өкілдері, ауылдық округ әкімдері, сондай-ақ аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері қатысты.

Басқосуда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев сөз сөйлеп, референдумды ұйымдастыруға атсалысқан азаматтарға алғысын білдірді. Ол бірлік пен ұйымшылдықтың нәтижелі іске бастайтынын атап

өтіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен өткен маңызды саяси науқанда аудан тұрғындарының жоғары белсенділік танытқанын жеткізді.

Келесі кезекте аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Еламан Алпысбаев баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Оның айтуынша, ауданда 24 референдум учаскесі құрылған. Учаскелердің басым бөлігі білім беру мекемелері мен мәдениет нысандарында орналасқан. Барлық учаскелер мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді етіп жабдықталған.

Сайлау комиссияларының

жаңа құрамы 2023 жылы бекітіліп, жалпы саны 237 мүшені құрайды. Олардың басым бөлігінің сайлау өткізу тәжірибесі бар. Комиссия құрамында түрлі саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қамтылған.

Ауданда мүгедектігі бар 134 азамат тіркелген, олардың барлығына дауыс беру үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Сондай-ақ баяндамада ауылдық округ әкімдерін сайлау барысы айтылды. Биыл Тоғызтарау ауылдық округінде сайлау өтіп, нәтижесінде «Атап» партиясынан ұсынылған кандидат әкім болып сайланды. Алдағы уақытта Ернар, Қызылқайнар және Бесағаш ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын өткізу жоспарлануда.

Сайлау процесінің ашықтығы мен сапасын арттыру мақсатында комиссия мүшелеріне арналған оқыту семинарлары ұйымдастырылып, қатысушыларға тиісті сертификаттар табысталған.

Жиын соңында аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы мен аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Еламан Алпысбаев референдумды ұйымдастыру мен өткізуге үлес қосқан бірқатар азаматты марапаттады.

– Сіздердің сайлауға белсенді қатысуларыңыз – қоғамның бірлігі мен тұрақтылығының, демократиялық құндылықтарға деген адалдықтың көрінісі. Осындай ортақ іске үлес қосқан әр азамат – еліміздің дамуына серпін беретін маңызды күш. Алдағы уақытта да ел игілігі жолында бірге еңбек етіп, бірлігімізді нығайта берейік, – деді өңір басшысы құттықтау барысында.

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Қазіргі таңда елімізде азық-түлік өндірісін ұлғайту және оның қауіпсіздігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету өзекті мәселе болып тұр. Әсіресе, нарық заманында, экономиканың қарқын алған дәуірінде халықтың әлауқатын көтеру де күн тәртібінде. Жұртшылық күнделікті тұтынатын түрлі тағам түрлері мен көкөністер және өзге де өнімдердің бағасы кейде күрт өсіп жатады. Сондықтан да ел арасында түрлі пікірлер қалыптасып, баға тұрақтылығына қатысты әртүрлі әңгімелер айтылады.

БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ –
БАСТЫ НАЗАРДА

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Осыны назарға алған аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Береке Нәсіпбекұлы апта аралығында Аса ауылындағы орталық Абай көшесі бойында орналасқан «Рахат», «Лейла», «Жасмин», «Корзинка», «Халық», «SN market», «Арзан», «Пионер», «Батыр», «Нұр» сауда орындарына бас сұғып, әлеуметтік маңызы бар 31 түрлі азық-түлік тауарының баға тұрақтылығына мониторингтік бақылау жүргізді.

Мониторингтік бақылау

барысында бөлім басшысы сауда орындарының иелеріне ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 204-4-бабына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының сауда үстемесін 15 пайыздан белгіленген мөлшерден арттыруы айыппұл салуға алып келетіні жөнінде түсіндіріп, жадынама парақтарын берді.

Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі жергілікті халыққа қажеттілігі жоғары тауарлардың бағасын негізсіз өсіруге жол бермеу мақсатында бақылауды тұрақты түрде жүргізіп тұрады.



АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕ

Таяуда Жамбыл ауылдық округінің әкімі Данияр Аляжановтың бастамасымен ауыл жастары игілікті іске ұйытқы болды. Ұзақ уақыттан бері Қапал және Шәкен Ниязбеков ауылдарынан «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық автожолына шығатын жолдың жиегі жөнделу көрмей келген болатын.

ЖАСТАР КҮШІМЕН ЖОЛ ЖӨНДЕЛДІ

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ауыл азаматтары бірігіп, қаладан арнайы техника жалдап, 15 жүк көлігімен шағал тас жеткізіп, жол бойына төкті. Кейіннен төселген шағал грейдермен тегістеліп, тұрғындардың көлікпен қатынауына қолайлы жағдай жасалды.

Данияр Бакбергеноұлының айтуынша, Шәкен Ниязбеков ауылының жастары белсенділік пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсетіп келеді. Олар жолды қалпына келтіру жұмыстарын бірлесіп атқарып, қажетті техникалар мен құрылыс материалдарының өз қаражаттары есебінен өтеген.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес 2026 жылдың 20 наурызында өтетін Жамбыл ауданының әкімі Ерлан Қыдыралыұлының Көлқайнар, Қарасу, Ақбастау ауылдық округі тұрғындарымен кездесуінің мерзімі Наурыз мерекесінің кең көлемде аталып өтілуіне байланысты 27 наурызға ауыстырылғанын хабарлаймыз.

Көлқайнар ауылдық округі, Тастөбе ауылы, Ә.Тарази атындағы тірек мектебі, сағат 9.30.

Қарасу ауылдық округі, Ащыбұлақ ауылы, ауылдық клуб, сағат 11.30.

Ақбастау ауылдық округі, Бірлесу-Еңбек ауылы, сағат 14.30.

Өзгерістер болған жағдайда қосымша хабарланады.

Аудан әкімі аппараты.

ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2026 жылғы 19 наурыз

№1111

Тараз қаласы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға
байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті
мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84, 85, 86-баптарын, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-тарауын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33, 37-баптарын, «Тараз қаласы, Абай, Төле би және Жамбыл даңғылдары және Тәуке хан, Қазыбек би, Әйтеке би, Қонаев көшелерінің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына түзету» Тараз қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 10 мамырдағы №1752 қаулысын басшылыққа ала отырып, «Тараз қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы Д.Жаманбаевтың 2026 жылғы 18 наурыздағы №ІР-32950 хаты негізінде Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын іске асыру мақсатында төмендегі меншік иелерінің жер учаскелерін мемлекет мұқтажына мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары басталсын:

1) Медеу Сүйендикович Иманалиевтің және Айгуль Токтасыновна Иманалиеваның жалпы ортақ үлестік құқығындағы Тараз қаласы, Жібек жолы ауданы, «Арай» алқабы, Дүйсен Баянов көшесі №246 жайда орналасқан ғимараттарды (құрылыстар мен нысандарды) қызмет көрсету, көппәтерлі тұрғын үй мен тұрғын қоттеждерді тиісті деңгейде күтіп-ұстау үшін көлемі 0,6155 га (кадастрлық нөмірі 06-097-063-2939) жер учаскесі;

2) Александр Александрович Мещеряковтің жекеменшік құқығындағы Тараз қаласы, Жібек жолы ауданы, «Арай» алқабы,

Дүйсен Баянов көшесі №258 жайда орналасқан ғимараттарды (құрылыстар мен нысандарды) қызмет көрсету, көппәтерлі тұрғын үй мен тұрғын қоттеждерді тиісті деңгейде күтіп-ұстау үшін көлемі 0,5679 га (кадастрлық нөмірі 06-097-063-2947) жер учаскесі;

3) Калмайра Пармашовна Жаксымбетованың жекеменшік құқығындағы Тараз қаласы, Жібек жолы ауданы, «Арай» алқабы, Дүйсен Баянов көшесі №260 жайда орналасқан құрылысты жүргізу және ғимараттарды (құрылыстар мен нысандарды) қызмет көрсету, көппәтерлі тұрғын үй мен тұрғын қоттеждерді тиісті деңгейде күтіп-ұстау үшін көлемі 0,2950 га (кадастрлық нөмірі 06-097-063-2989) жер учаскесі;

4) Калмайра Пармашовна Жаксымбетованың жекеменшік құқығындағы Тараз қаласы, Жібек жолы ауданы, «Арай» алқабы, Дүйсен Баянов көшесі №260 «А» жайда орналасқан құрылысты жүргізу және ғимараттарды (құрылыстар мен нысандарды) қызмет көрсету, көппәтерлі тұрғын үй мен тұрғын қоттеждерді тиісті деңгейде күтіп-ұстау үшін көлемі 0,2000 га (кадастрлық нөмірі 06-097-063-3345) жер учаскесі.

2. Мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың келісім рәсімдерін жүзеге асыру меншік иелерімен жер пайдаланушылар жүгінетін орны «Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мекенжайы: Тараз қаласы, Әулиеата ауданы, М.Жүнісәлиев көшесі, №1, байланыс телефоны: 43-54-77 деп көрсетілсін.

3. «Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне меншік иесіне өзге жер учаскесін немесе жылжымайтын мүлікті беру немесе мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын өтеу бойынша іс-шараларын ұйымдастыру тапсырылсын.

4. «Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне меншік иесіне жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылуына байланысты жылжымайтын мүлікпен жер учаскесін сатып алу бойынша келісімшарттағы көрсетілген қаражатты уақтылы аударуы тапсырылсын.

5. Сатып алынған жер учаскесі мен жылжымайтын мүліктер мемлекет меншігіне қабылданып, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 85-бабының 3-тармағына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өткізілсін. Қабылдау актісімен алынған жылжымайтын мүліктерге заңнама аясында бұзу және бөлшектеу жұмыстары жүргізілсін.

6. Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні қаулының ресми жариялану күнінен үш айдан кейін 2028 жылдың 19 наурызына дейін деп айқындалсын.

7. «Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдауын қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Тараз қаласы әкімінің орынбасары Н.Исабековке жүктелсін.

Қала әкімі Б.ОРЫНБЕКОВ

Жер-ана тоңын жібітіп, күн нұры төгілген шуақты шақта Ұлыстың ұлы күні де жетті. Көктем келіп, табиғат оянып, тіршілік серпіліс тапқан бұл шақта елдің рухы биіктеп, ұлттық құндылықтар жаңғырып, қазақтың салт-дәстүрлері шуағын шашып тұрады. Осындай игі дәстүрдің жалғасы іспетті Наурызанама онкүндігі аясында әр күннің өзіндік мәні айшықталып, халықтық мұра дәріптелуде.

Ұлттық киім — ұлт рухының көрінісі



Аружан КҮНТУБАЙ

Ұлттық киім күніне орай ауданда ұлттық киімдер шеруі өтті. Шеру орталық алаңнан басталып, мәдениет үйіне дейін жалғасты. Көш бойында ұлттық нақыштағы камзолдар, шапандар, сәукеле мен тақия киген аудандық мекеме қызметкерлерінің киім үлгілері көз тартты.

Іс-шараға аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы және аудан әкімдігі қызметкерлері қатысып, ұлттық мерекенің мән-маңызын

айшықтады. Шара барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев ак батасын беріп, жиылған жұртшылыққа ізгі тілегін арнады. Мектеп оқушылары, ұстаздар мен өнерпаздар шеруде ұлттық киімдерін мақтанышпен паш етті.

Ауыл жұртшылығы ұлттық нақыштағы сән-салтанатты тамашалап, әсем әуен мен киім үйлесімі мерекелік көңіл күйге бөленді. Мерейлі мереке аясында ұйымдастырылған бұл шара ұлттық дәстүрді дәріптеу және өскелең ұрпаққа рухани тәрбие беру мақсатында насихатталды.

КӨКПАР ШАУЫП, БӘЙГЕ АЛДЫ

Ұлттық спорт түрлері еліміздің брендіне айналған. Қазақ халқы ежелден барлық мерекеде жарыстар ұйымдастырған. Біздің ұлттық спортымыз тек сайыс пен жарыс емес, онда көшпелі тұрмыстың рухы бар. Ұлы далада күш-қайрат, ептілік, өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылыс, жақындарына тіреу болу қабілеті өмір сүру мен дамудың кілті саналған.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Елімізде бәйге, көкпар, аударыспақ, жамбы ату, теңге ілу, күсбегілік, тоғызқұмалақ, асық ату және садақ тарту сияқты ұлттық спорт түрлері тез танымал болып, жұртшылықтың қызығушылығын оятуда. Осы ойындарды тамашалау арқылы көпшілік халқымыздың салт-дәстүрімен етене таныса алады.

Наурызанама онкүндігі аясында 20 наурыз Ұлттық спорт күні ретінде белгіленген. Бұл күн халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ойындарын

дәріптеуге, салт-дәстүрімізді жаңғыртуға және жас ұрпақты ата-баба мұрасын құрметтеуге үндеуге арналған.

Ұлттық спорт күніне орай аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығы командалық көкпардан аудандық турнир ұйымдастырды. Айтулы турнирге Аса, Ш.Ниязбеков, Ерназар ауылдарының құрамалары қатысып, көкпаршылар өзара кім мықтыны анықтады. Нәтижесінде, Ш.Ниязбеков ауылы бірінші орынды, Аса ауылы екінші орынды, Ерназар ауылы үшінші орынды иеленді. Жеңімпаз бен жүлдегер командалар тиесілі дипломмен, медальдармен, арнайы мүсіншемен және теледидармен марапатталды.



Ата кәсіпті жаңғыртқан Ербол

Көктемнің шуақты мерекесі – Наурыз мейрамы қарсаңында ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, ата-баба мұрасын жаңғыртып жүрген жандардың еңбегі ерекше бағалауға лайық. Осындай қолөнерді серік етіп, ұлттық өнерді дәріптеп жүрген азаматтардың бірі – Қаракемер ауылының тумасы Ербол Көбейев.

1979 жылы қасиетті Қаракемер топырағында дүниеге келген Ербол Рәтайұлы ауылдағы Төле би атындағы орта мектепті тәмамдаған соң, бірден еңбекке араласып, ди х а н ш ы л ы қ п е н айналыса бастайды. Еңбеккер азамат отбасын құрып, жары Эльвира Қабылбековамен бірге төрт бала тәрбиелеп отыр. Бүгінде олар өнегелі, ұлттық тәрбиені берік ұстанған үлгілі жанұя болып отыр.

Ерболдың қолөнерге деген қызығушылығы бала күннен басталған. Ағаштан түрлі бұйымдар жасауға әуестігі уақыт өте келе үлкен кәсіпке ұласқан. Қазіргі таңда ол қазақы нақыштағы тұрмыстық және ұлттық бұйымдарды шеберлікпен дайындайды. Атап айтқанда, сыйлы қонақтарға ет тартуға арналған астаулар, қымыз құятын тегенелер мен ыдыс-аяқтар, сондай-ақ қазақтың киелі аспабы – домбыраны да өз қолымен жасап шығарады.

Шебердің қолынан шыққан әрбір бұйым сапасы мен көркемдігі жағынан үйлесіп, небір керемет туындылар шығып отыр. Ол бұйымдарын негізінен қалың қарағаштан ойып, арнайы тәсілмен өңдейді. Ағашты ыстық

суға қайнатып, табиғи шырынын сығып алу арқылы оның беріктігін арттырып, жарылып кетпеуін қамтамасыз етеді. Ал сыртқы өңдеуде ыстық пен суыққа төзімді арнайы лак қолданылады. Осы тәсілдерді пайдалану арқылы бұйымның ұзақ уақыт өз қалпын сақтап, сапасын жоғалтпауына мүмкіндік береді.

Ербол Рәтайұлының айтуынша, бұл кәсіп үлкен шыдамдылық пен ұқыптылықты талап етеді. «Асығыс жасалған дүние ешқашан сапалы болмайды. Әрбір бұйымға жан-тәнінмен беріліп, сабырмен жасау керек», – дейді ол.

Бүгінде Ерболдың кәсібі ауыл аумағынан асып, Тараз, Алматы, Балқаш қалаларына дейін танылып отыр. Тапсырыс берушілер саны артып, оның қолөнер туындылары көпшілік сұранысына ие болуда. Бұл ұлттық өнерге деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетсе керек.

Шебердің кәсібіне отбасы мүшелері де белсене араласуда. Ұлдары Рамазан, Расылхан және қызы Сара әкелеріне қолғабыс етіп, ұлттық өнердің қыр-сырын меңгеріп келеді. Ата кәсіпті ұрпақтан ұрпаққа жалғап жатқан



отбасының тағы бір ерекшелігі – ұлттық болмысқа деген ерекше құрметінде. Олар тұрмыста қазақы салт-дәстүрді берік ұстанып, жылқы бағып, қымыз дайындайды. Сонымен қатар құмай тазыларды баптап, саятшылықты да серік еткен.

Он жылдан астам уақыт бойы осы кәсіптен нәсібін тапқан Ербол Рәтайұлы бүгінде ауыл тұрғындарының алғысына бөленіп отыр.

Наурыз – жаңару

мен жаңғырудың, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің мейрамы. Осындай мерейлі сәтте ата кәсіпті жалғастырып, ұлттық өнерді ұлықтап жүрген Ербол сынды азаматтардың еңбегі ел руханиятының дамуына қосылған зор үлес деуге болады. Ұлттық бұйымдарға жан бітіріп, халқымыздың мәдени мұрасын сақтап отырған шебердің еңбегі әрдайым бағалауға лайық.

Мақсат СЕРІКҰЛЫ.

Соңы. Басы 1-бетте

ҚҰРАҚ ҚҰРАҒАН КӨПБАЛАЛЫ АНА

Бүгінде шебер қыз жасауына қажетті бұйымдардың толық топтамасын әзірлейді. Атап айтқанда, көрпе-төсек, перде, шымылдық, махаббат көрпесі, ет көрпесі, жасау сандығына арналған жабдықтар мен бесікке арналған көрпе-жастықтар – барлығы ұлттық нақышта, заманауи үлгіде тігілуде. Дәстүрлі құндылықтардың мәні сақталғанымен, орындалу тәсілі уақыт талабына сай жаңарған. Құрақ көрпелердегі әрбір бөлік «құралып, көбейсін, берекесі артсын» деген ізгі ниетті білдіреді.

Маман заман ағымына сай тың бағыттарды да игеріп келеді. Соның бірі – матаға принт түсіру арқылы ерекше бұйымдар дайындау. Балалардың суреттерін мата бетіне басып, оны жұмсақ ойыншықтармен үйлестіре отырып, тың туындылар ұсынады. Сонымен қатар, ұлттық нақыштағы шапандарға заманауи өрнектер қосып, өнім түрін көбейтіп отыр.

Еңбек қарқыны да жоғары. Раушан ханым күніне 10-15 бұйым тіге алады, ал көмекшісімен бірге бір қыз жасауын шамамен 10 күн ішінде толық әзірлеп шығады. Қазіргі таңда, әсіресе, ши құрақ көрпелерге сұраныс жоғары, тапсырыс жыл бойы үздіксіз жалғасады.

Кәсібін дамыту мақсатында ол 2025 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жеңілдетілген несие алып, матрас тігетін арнайы құрылғы мен қосымша жабдықтар сатып алды. Бұл өндіріс көлемін арттырып, қол



еңбегін жеңілдетуге сеп болды. Бүгінде ол тек өз ісін жүргізіп қана қоймай, ауылдағы өзге тігіншілермен де тығыз байланыс орнатып, ортақ істің өркендеуіне үлес қосып келеді.

Шебердің еңбегі халықаралық деңгейде де бағасын тапты. Жуырда ұлттық қолөнерді дәріптейтін «Аламан құрақ» байқауына облыстан 60 шебер қатысқан болатын. Аталған байқауда Раушан Қуанышбайқызының еңбегі халықаралық деңгейде бағаланды. Гиннестің рекордтар кітабына енген шебер Біріккен Араб Әмірліктерінде жасалған күміс жұлдемен оралды. Алдағы уақытта Раушан Өскемен қаласында өтетін байқауға қатысып, осы жетістігін тағы бір мәрте

жанартуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, шебер «Жаңғыру жолы – STARTUP» атты облыстық байқауға қатысып, өз жобасын қорғады және 200 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болды.

Бізге жұмыс ешқашан тоқтап қалмайды. Күнделікті тапсырыстар қабылдаймыз, бір істі аяқтап болғаннан кейін, келесі тапсырысты дайындаймыз. Әрбір бұйымға ерекше көңіл бөлініп, сапасына аса мән беріледі. Сондықтан әрбір жаңа тапсырыс – біз үшін жаңа жауапкершілік пен еңбек қуанышы. Кез келген сәтте біз әр тапсырысты уақытында, сапалы орындауға тырысамыз, – дейді шебер.

Соңы. Басы 1-бетте

ЖАҢАРҒАН РЕДАКЦИЯ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ ОРАНДЫ



Наурызнаманың онкүндігі аясындағы Жаңару күніне орай ауданға сыйлы ардагерлеріміз – Бақыт Сырлыбаев, Сансызбай Махамбетқұлов, Байтанағали Төлентаев 60 жылдан кейін ажары ашылған редакциямызға арнайы келді. Жаңа кейіпте менмұндап тұрған қарашаңыраққа бас сұғып, ішін аралап көрді. Мерейтой қарсаңында күрделі жөндеуден өткен ескі ғимараттың жаңарған келбетіне тамсана қарап, өткен күннен сыр шертті. Басылым қызметкерлерімен бірге редакция ауласына сәндік ағаштардың көшеттерін отырғызып, ізгі тілектерін айтты.

– Бұл – бәрімізге ортақ киелі қарашаңырақ. Әр буынның өзіндік ізі бар. Ұрпақтар сабақтастығы сақталып, өзара сыйластық пен құрмет болғаны қашанда жақсы. Редакцияның бүгінгі жай-күйін, жаңарған келбетін көріп, қуанып тұрмыз. Бұл да болса, біз үшін бір ғанибет. Редакция ұжымына шығармашылық табыс тілеймін. Ұлыс оң, ақ мол болсын, – деді Бақыт Уәлиұлы өз сөзінде.

Жаңару күніне арналған тал егу рәсімінен кейін ардагерлеріміз көтеріңкі көңіл күйде тарқасты.

Соңы. Басы 1-бетте

Ұлы дәстүр жалағаса берсін

Наурызнама онкүндігінің «Жаңару» күні аясында аудандағы мекеме-ұйым қызметкерлерінің және белсенді жастардың қатысуымен көктемгі ағаш егу акциясы ұйымдастырылды. Айтулы акцияға қатысқан аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы шараның маңыздылығына тоқталып, бабадан қалған игі дәстүр лайықты жалғасын тапқанын айтты.

– Табиғат түлеген шақта қазақ халқы қашаннан тал өскіндерін жерге қадап, ағаш өсіруге ден қойған. Бүгін біз, үлкен-кішіміз, атадан қалған осынау игі дәстүрді лайықты жалғастыру үшін жиналып отырмыз. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген даналықты

кастерлеген елміз. Бүгінгі жасаған игілігіміз ертеңгі күні жемісін беріп, тәлім-тәрбие ретінде өскелең ұрпақтың санасына сіңіп қалмақ. Қазір осы аумақта түрлі сәндік ағаш көшеттері отырғызылмақ. Табиғат тазалығы, ауыл абаты мен ажары, көше көркі, талдардың өркен жаюы қаншалықты маңызды болса, сіздер де сол игілікке соншалықты үлес қосады деп сенім артамын, – деген өңір басшысы көпшілікпен бірге сәндік ағаш көшеттерін отырғызды.

Жаңару күні көктемгі ағаш егу акциясы Тоғызтарау ауылында және басқа да ауылдық округтерде өтті.

Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ

Соңы. Басы 1-бетте

НАУРЫЗ – ЖАҢАРУДЫҢ МЕРЕКЕСІ

Өз-Наурызды асыға күтетін қазақ халқы үшін Наурыз мерекесі ақ түйенің қарны жарылған күнмен тең. Наурыз – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазақ халқы бұл мерекені айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отырды салт-дәстүрге айналдырған. Иә, бұл кезең нағыз жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін шағы десек те болады, себебі, табиғат-ананың да қайта жанданып жаңа өмірге қамтамасыз басып шығуына негіз болатын ерекше дайындалатыны сөзсіз. Себебі бұл кез – жаңару, құлпыру, шаттану сезімдері мен жайдары көңіл күйге толы кезең. Көктемнің өзі күллі тіршіліктің, табиғаттың жаңаратын мезгілі.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



Өз-Наурыз – түркі халықтарына ортақ төл мереке саналатын қасиетті мейрам. Жыл жаңарып, адамдардың көңілі көтеріліп, бір-бірімен етене араласатын кезі. Сол үшін де қазақ халқының танымында бұл айдың маңызы зор, мәні ерекше. Наурыз мерекесінде халық наурызкөже пісіріп, қонақ күту дәстүрін жаңартады. Халық ойындары да көрініс табады. Дәстүрдің жаңғыратын кезеңі де осы мезгіл.

Наурыз мерекесі қазіргі қоғамның әлеуметтенуі тұрғысында жалғасын тапты. Оның жалпы сипаты бізге, ұлттық мереке, наурызкөже, ұлттық киім, ұлттық тағамдар, дәстүрлі ойындар, дәстүрлі ән, күй үлгілерін насихаттаумен байланыстырылады. Бұл, ең алдымен, қазақтың дәстүрлі шаруашылығының трансформациялануынан, халықтың урбанизациялық үрдістердегі белсенділігі нәтижесінде қалыптасқанынан белгілі. Күнделікті өмірде дәстүрлі шаруашылықтың қолданыс аясының тарылуы Наурыз сияқты мейрамның ұлттық мереке, этникалық белгі ретінде қалыптасуына негіз болып отыр. Наурыз мерекесіндегі қазіргі уақытқа дейін сақталып келген мәдени атрибуттар жалпыхалықтық деңгейде көрініс беретін мерекенің



негізгі компонентін құрап отыр. Бұл жоғарыда айтқандай, наурызкөже дайындау, ұлттық этномәдениет үлгілерін насихаттап, алаңдарда арнайы концерттік бағдарламалар өткізуден тұрады. Ал жастар арасындағы селт еткізер беру, ұйқышар тағамын дайындау сияқты дәстүрлер тек ғылыми-танымдық ақпараттарда ғана жазылған.

Халық Наурыз мерекесіне алдын ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. Бұл халқымыздың «Атадан бір табын мал қалғанша, бір тал ағаш қалсын», «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген түсінікпайымымен астасады. Асылында, көшпелі ел ретінде ата-бабамыз табиғатпен етене аралас өмір сүрген. Сондықтан табиғат-ананы аялап қараған және мұны ұрпақтан ұрпаққа насихаттап отырған. Наурыз мерекесі де осы табиғат пен адамның байланысының бір көрінісі десек, жаңылмаймыз.

Бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Осы күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақ сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегеге,

бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баурайды. Наурызды халқымыздың асыға күтетін осы себептен болса керек. Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлы күні жыл басы саналған.

Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып, өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Көрісу күнінде ауыл-аймақ бір-бірін бір жасымен құттықтап, көрісетін болған. Бұл бір жағы қыстан дін аман шыққан халықтың бір-бірімен хал-жағдай білісіп, бас қосуына себеп еді. Еліміздің бағыс өңірінде сақталған осы бір әдемі салт қазір кең етек алып, ел болып аталып, айтылып жүр. Ұмытылып бара жатқан салттың көңілді кірін тарқататын әдемі дәстүр боп қайта жалғасын тапқаны қуантарлық жайт.

Ел арасында «Наурызкөжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!» деген сенім бар. Наурызкөже – Ұлыстың ұлы күні жасалатын қасиетті ас. Ол жеті түрлі тағамнан жасалған. Оған тары, арпа, бидай, бұршақ, күріш сияқты жеті түрлі дән мен ақ қосылады. Түркі халықтарының ұғымында жеті саны қасиетті саналғандықтан, наурызкөжеге жеті түрлі дәм қосылады. Оған қоса, ол – тоқшылық пен ырыс-құттың жоралғысы. Дастархан басында жастар үлкендердің батасын алған. Баға – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын! Бұл күн молшылық әкелсін! Бүкіл жамандық пен барлық қара іс жер бетінен жойылсын! Ата-бабамыздың рухы бізге әрдайым

қолдау көрсетсін!» – деп бата береді.

Бұл мерекені «жыл басы» деп танығанымен, оның барша болмысын, философиясын жыл алмасумен шектемейді. Осы күндері дүниеге келген сәбилерге Наурызбай, Наурызгүл сынды есімдер беріледі. Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл, ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алып, арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастайды. Бұл күн жер-жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылады. Наурыз мейрамында әркім жылы шырай сезіне бастап, сағынышты көрісулерімен, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алады.

Наурыз – достықтың, ынтымақтың, ырыс-берекенің, жаңарудың мерекесі, халықтар бірлігі мен татулығының бастауы. Сондықтан да, бұл мейрам бір ұлтқа ғана емес, жалпыға ортақ болуы, ұлыстардың ұйытқысымен шын пейілдегі барлық халықтың мейрамына айналуы шарт. Ал бұл мақсатты жүзеге асыру үшін ең алдымен Ұлыстың ұлы күнін тойлау ауқымын да, мазмұнын да кеңейте түскен орынды. Қыстың соңы, көктемнің басы жыл құстары келе бастайды. Сол себептен де бөлше табиғаттың тылсымы мен ғалам ғажайыптарын терең ұғына білген ата-бабаларымыз бұл күнді Жыл басы деп есептеген. Наурызды шығыс халықтары бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде атап өтеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Наурыз мерекесі елімізде 21-23 наурыз күндері аралығында тойланады. Бұл тамыры тереңде бойлаған көне мерекенің тарихына көз салсақ, әлем халықтарының басым бөлігі аталмыш мейрамды бұрыннан тойлап келеді. Жер-ана да, жан-жануар да, адамзат та жаңарып, қазақтың сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды деген ұғым қалыптасқан. Самарқанның көк тасы еріп, қасиетті кара жер бусанады. Бұл күндері қазақ жеті түрлі дәннен наурызкөже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтай отырып, Ұлыстың ұлы күнін, жыл басын тойлайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Наурыз мейрамының тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түсудің маңыздылығы жайында айтады. Аталған құжатта Наурыз мейрамының негізгі мақсаты – Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру делінген.

Елімізде Наурыз мейрамы республикалық деңгейде аталып өтеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен тұжырымдама бойынша Ұлыстың ұлы күні 14 наурыздан басталады. Көрісу күнінен бастау алатын мерекелік іс-шаралар 23 наурыздан дейін жалғасын табады. Әрбір күн белгілі бір тақырыпқа бекітілген. Атап айтсақ, 14 наурыз – «Көрісу күні – Амал мерекесі», 15 наурыз – Қайырымдылық күні, 16 наурыз – Салт-дәстүр күні, 17 наурыз – Шаңырақ күні, 18 наурыз – Ұлттық киім күні, 19 наурыз – Жаңару күні, 20 наурыз – Ұлттық спорт күні, 21 наурыз – Ынтымақ күні, 22 наурыз – Жыл басы. 23 наурыз – Тазару күні жалпыұлттық экологиялық шара өткізіледі.

Ұмыт бола жаздаған ұлттық мерекені қайта жаңғыртып, ерекше атап өтуді дәстүрге айналдыру жас ұрпақтың бойына енесі биік елдіктің, ынтымақ пен ырыстың мерекесі екенін сіңіру. Сондай-ақ бұл мерекенің салт-дәстүр мен ұлттық дүниетанымды қалыптастыру мен ұрпақ сабақтастығын жалғастырудағы ролі ерекше болмақ.



ДӘСТҮР МЕН ЗАМАНАУИ СӘН ҮНДЕСТІГІ

Көктеммен бірге келетін өз-Наурыз мерекесі – халқымыздың рухани жаңғыруының, салт-дәстүрінің, мәдени мұрасының айқын көрінісі. «Наурызнама» онкүндігі аясында Ұлттық киім күні тойлануда. Бұл күн – ата-бабамыздан қалған киім мәдениетін ұлықтап, оның мән-мағынасын жас ұрпаққа жеткізетін ерекше мереке.

ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛТТЫҢ АЙНАСЫ

Қазақ халқының ұлттық киімдері – ұлттың тарихы мен дүниетанымын бойына сіңірген асыл мұра. Әрбір киімнің пішіні, матасы, өрнегі мен қолданылу ерекшелігі халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, табиғат жағдайымен және салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз киімді тек әсемдік үшін емес, өмірге



Ұлттық бас киімдердің ішінде кең тарағандарының бірі – бөрік. Бөрікті ерлер де, әйелдер де киген. Оның жиегіне көбіне аң терісі ұсталып, төбесі барқыт немесе басқа да әдемі матамен көмкерілген. Қыздардың бөрігі көбіне моншақ, маржан, күміс әшекейлермен безендірілген. Бөрік – тек сәндік бас киім ғана емес, суықтан қорғайтын әрі ұлттық нақышты айқын көрсететін бұйым.

Ал қазақтың дәстүрлі аяқ киімдерінің бірі – саптама етік. Бұл етік қонышы ұзын болып келетін, көбіне былғарыдан немесе жұмсақ теріден тігілген. Саптама етік ат үстінде жүруге өте ыңғайлы болғандықтан, көшпелі өмір салтына бейімделген. Ер адамдар ғана емес, кей жағдайда әйелдер де саптама етік киген. Ол аяқты суықтан, желден және түрлі табиғи жағдайлардан қорғаған.

Қазақтың сырт киімдерінің тағы бірі – бешпент. Бешпент – шапанның астынан киілетін жеңі бар жеңіл киім. Ол көбіне жүн немесе макта салынған матадан тігіліп, денеге ыңғайлы болып келеді. Бешпент ер адамдардың күнделікті киімінің бірі ретінде қолданылған. Оның ықшам пішіні адамның қозғалысына кедергі келтірмей, тұрмысқа қолайлы болған.

Сондай-ақ ұлттық киім үлгілерінің бірі – шалбар. Қазақ ерлері киген шалбар көбіне былғарыдан немесе қалың матадан тігілген. Ол атқа мінуге ыңғайлы, кең әрі төзімді болып жасалған. Кейбір шалбарлардың балағы кестемен немесе өрнекпен безендірілген.

Қазақтың дәстүрлі аяқ киімдерінің тағы бірі – мәсі. Мәсі жұмсақ былғарыдан тігіліп, өте жеңіл әрі ыңғайлы болған. Оны көбіне үй ішінде немесе етіктің ішінен киген. Мәсі аяққа жайлы болғандықтан, ұзақ уақыт жүруге де қолайлы саналған.

Осындай ұлттық киімдердің әрқайсысы халқымыздың өмір салтын, табиғатпен үйлесімін және эстетикалық талғамын көрсетеді. Киімнің әрбір бөлшегі – ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибенің нәтижесі. Бүгінде бұл киімдер тек тарихи мұра ретінде ғана емес, ұлттық мәдениеттің маңызды белгісі ретінде қайта жаңғырып келеді. Қазіргі дизайнерлер мен тігіншілер дәстүрлі үлгілерді

заманауи сәнмен үйлестіріп, ұлттық киімдерді жаңа қырынан танытып жүр. Бұл – ата-бабадан қалған асыл мұраның бүгінгі күнмен сабақтасып, болашаққа жалғасып жатқанын көрсетеді.

ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН БРЕНД – СӘНДЕ

Заманауи сән мен ұлттық мұраны үйлестіру – бүгінгі қоғамның маңызды мәдени үрдістерінің бірі. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың дәстүрлі киім үлгілері бүгінгі күні жаңа мазмұн алып, қазіргі заман талабына сай жаңаша сипатта көрініс табауда. Бұл – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, оларды заман ағымына бейімдеудің көрінісі. Сондықтан көне мен жаңаның үндестігі – бүгінгі күннің басты талабы.

Бүгінде ұлттық киімдердің пішіні мен өрнектері жаңаша сипат алып, заманауи сән индустриясында кеңінен қолданылып келеді. Камзол үлгісіндегі жилеттер, ұлттық ою-өрнекпен безендірілген көйлектер, шапан стиліндегі сырт киімдер қазіргі жастар арасында ерекше сұранысқа ие. Бұл киімдер ұлттық болмысты сақтай отырып, күнделікті өмірге ыңғайлы етіп жасалуда. Сән әлемінде ұлттық элементтерді жаңғыртып жүрген дизайнерлердің еңбегі ерекше. Олар ата-бабамыздан қалған ою-

өрнектерді, дәстүрлі пішіндерді сақтай отырып, заманауи маталар мен үлгілерді пайдалануда. Нәтижесінде ұлттық нақыштағы киімдер тек мерекелік жағдайда ғана емес, күнделікті өмірде де киілетін сәнді әрі ыңғайлы киімге айналып отыр. Заманауи стильді этно стильмен үйлестіріп жүрген жанның бірі – Гүлжан Рахман. Дизайнер бұл жолға жылдар бойғы ізденістің арқасында келгенін айтады.

– Мен апамның қызы болғанмын. Әжем Алмағұлмен бірге киіз басып, текемет тоқып, ою ойып, қолөнердің сан түрін бойыма сіңіріп өстім. Біздің үйде бес бала болғанымен, апамның қасында мен ою ойып, менің оюымды іске жаратқанына қуанып, 8 сыныптан бастап өзіме текемет тіктім. Әжем осы текеметті жасауына қосамын деп, ол арманына да жетті. Бүгінгі күнге дейін ол бұйым үйімнің төрінде тұр. Ол кезде біздің ұлттық өнеріміз ешкімге таңсық болмады. Кез келген үйде бұл бұйымдар қолдан жасалды. Алайда уақыт өте келе біз ұлттық болмысымызды заман талабына сай ұмыта бастадық.

Ұзақ уақыт журналистика саласында қызмет еттім. Сол кездің өзінде ұлттық бұйымдарды, қазақы брендтерді алуға, оларды қолдауға тырыстым. Бағыс өңірден, Қызылорда қаласынан, өзіміздің өңірдің дизайнерлерінің киімдеріне

қызығып жүріп, дизайнерлік жолға келдім. Бірден бастамадым, алдымен тігін курстарын, тоқыма тоқу сынды осы саланың қыр-сырына үйрететін бірнеше мектептен өттім.

Астана қаласында біраз жыл тұрып, ондағы ұлттық киім сататын дүкендердің табалдырығын тоздырдым. Таразға көшіп келгеннен кейін өңірде бұл саланың кенжелеп тұрғанын байқадым. Ұлттық бренд өте аз болды. Содан бала арманымды іске асырып, «Торқа» заманауи этнодүкенін аштым. Торқа – қазақ тілінде өте қымбат, сапалы жібек мата деген мағынаны білдіреді. Ол – көбіне жұмсақ, жылтыр, нәзік болып келетін бағалы матаның түрі. Ертеде торқа матасы сырттан әкелінетіндіктен, оны дәулетті адамдардың киіміне немесе ерекше салтанатты бұйымдарға пайдаланған. Оның үстіне әжемнің де есімі Торқа еді. Дүкенде заман талабына сай, қолжетімді бағада барлық ұлттық киімдерді алуға мүмкіндік жасады. Алдағы уақытта дүкеннің филиалын Астана қаласында да ашуды жоспарлап отырмыз, – дейді дизайнер Гүлжан Рахман.



қолайлы әрі мән-мағынасы терең бұйым ретінде қарастырған. Ұлтымыздың ұлттық айнасына айналған ұлттық киімдеріміздің атауын, мән-мағынасын тағы бір еске алайық.

Қазақтың ертеден келе жатқан бағалы сырт киімдерінің бірі – ішік. Ішік көбіне аң терісінен тігіледі. Түлкі, қасқыр, сусар, бұлғын сияқты аңдардың терісінен жасалған ішіктер аса бағалы саналған. Мұндай киім қыстың қақаған аязына төтеп беретін жылы әрі сәнді болған. Ішік тек суықтан қорғайтын киім ғана емес, адамның әлеуметтік дәрежесін де білдірген. Бай-манаптар мен дәулетті адамдардың ішігі бағалы аң терілерінен тігіліп, сырты барқыт немесе жібек матамен қапталған.

Қазақ әйелдерінің ерекше бас киімдерінің бірі – кимешек. Кимешек – тұрмысқа шыққан әйелдердің киетін бас киімі болған. Ол ақ матадан тігіліп, әйелдің басын, мойнын және иығын жауып тұрады. Бұл киім қазақ қоғамында әйелдің отбасылы екенін білдіретін белгі болған. Сонымен қатар кимешектің пішіні мен кестесіне қарап, әйелдің қай өңірден екенін де аңғаруға болатын. Кимешек – қазақ әйелдерінің ибалығын, тазалығын және аналық мәртебесін білдіретін киім.



Бүгінде қазақы ою-өрнекті заманауи сәнмен үйлестіріп жүрген дизайнерлер мен тігіншілер көбейіп келеді. Олар ұлттық киімді тек мерекелік емес, күнделікті киюге ыңғайлы әрі сәнді етіп жаңаша үлгіде ұсынып жүр.

Соның қатарында қазақстандық белгілі дизайнер, жерлесіміз Айдархан Қалиев ұлттық оюларды қазіргі заманғы сән индустриясымен үйлестіріп, қазақы нақышты халықаралық деңгейде танытып келеді. Оның топтамаларында дәстүрлі шапан мен камзол жаңа пішінде, заманауи стильде көрініс тауып жүр.

Ұлттық киім – тек өткеннің белгісі емес, ол – бүгін мен болашақты жалғап тұрған алтын көпір. Наурыз – осы бай мұрамызды мақтан тұтып, ұлттық болмысымызды айшықтайтын мереке.

Әрбір қазақ үшін ұлттық киім кию – ата-баба аманатына деген құрметтің белгісі. Сондықтан Ұлттық киім күні – тек сән мерекесі емес, ол – рухани жаңғырудың, ұлттық бірегейліктің көрінісі. Ұлттық киімді ұлықтау арқылы біз тарихымызды құрметтеп, мәдениетімізді келер ұрпаққа аманат етеміз.

Арайлым ШАБДЕНОВА.



ТАРИХ

НАУРЫЗДА ТУҒАН ТАҒДЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАР

Табиғат түрленіп, Жер-ананың құшағы көк кілемге оранып, адамның жан дүниесінде мамыражай мейірім орнайтын Наурыз айында қазақ халқы ерекше құрметтеп, аталған айда дүниеге келген сәбиге жақсы ат қоюға тырысқан. Атаулы мейрам аясында көктемнің алғашқы айында өмірге келген ұлтымыздың ұлағатты азаматтарының есіміне азат түсіруді жөн көрдік.

АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДА
АТЫЛҒАН ӘЛИХАН

Жалпы, бұл айда туған адамдар алға қойған мақсатына жетпей қоймайтын, жігері мықты қалыптасқан дейді. Шынымен де, халқы үшін басын бәйгеге тіккен, халқымыздың тұңғыш саяси «Алаш» партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, әдебиеттанушы, аудармашы әрі дарынды публицист Әлихан Бөкейхан 1886 жылы 5 наурызда Қарқаралы уезінде дүниеге келген.

1905 жылы Мәскеуде өткен съезде жоғарғы мінберден қазақ тарихында тұңғыш рет туған халқының жоғын жоқтап: «Мен қырғыз (қазақ) ұлтының өкілі саналамын... Бізде қазақ тілінде оқытатын мектептер қуғынға ұшырауда... Шаруалар бастығы (көбісі бұрынғы ротмистрлер) істі қазақ тілінде қарастыруға рұқсат етпейді...» – деп өз халқының дін, тіл, сайлау және өзге де бостандықтары жөнінде мәселе көтерді.

Әлихан Бөкейхан қазақ халқының ежелгі ата-баба қонысынан айырылуына үзілді-кесілді қарсы шықты. Патша үкіметінің отаршылдық қоныс аудару саясатын ашық түрде әшкереледі. Жергілікті тұрғындарды христиан дініне көшіру әрекетін бағыл айыптады. Ұлт-азаттық қозғалыстың жолында көшбасшыға айналды. Қазақ хандығының Ресей империясының бодандығына түсу себептерін анықтау үшін ұлт тарихын терең зерделеді. Әлихан Бөкейхан жоғары билікке қазақтардың өзіндік дербес басқармасына бағынатын атты әскер құрамында қызмет ету ойын ұсынды. Патша үкіметі қазақ халқын қаруландырып, әскери іске үйретуге қарсы шықты. Қазақ халқын біріктіру мақсатымен бүкіл қазақтың басын қосып, ұлт етіп ұйыстыратын Алаш идеясын ту етіп алды.

Қайраткер, ғалым Қошқе Кеменгеров «Қазақ тарихынан» атты еңбегінде: «Биліктің қуғындау мен қудалау жылдарында түрмеге қамалып, жер аударылса да батыл да ержүрек бірқатар азамат өз халқының болашағы үшін күресті жалғастыра берді. Бұл топтың жетекшісі, тәрбиешісі де Әлихан Бөкейхан еді. Ол елінің болашағы үшін қиыншылықтан қорықпайтын ұлтжанды азаматтарды күрескерлік рухта баулып, әдеби тіл нормасының орнығуы мен діни фанатизмнен арылуға зор үлес қосты. Нәтижесінде қазақ ұлты қалыптасты. Әлихан Бөкейханның қазақ тарихындағы алар орны, міне, осында жатыр» деп айырықша баға берді.

«Жер – Отан, ал Отанды сағуға да, жекеменшікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген», – деп ұрандай билген ұлт көсемі 1937 жылы Мәскеуде ату



Әлихан Бөкейхан



Жамал Омарова



Ербол Сыпатаев

жазасына кесілген болатын. XX ғасырдағы қазақ зиялыларының қатарында оқ бойлы озық тұрған тұлға Әлихан Нұрмұхамедұлы есімі тек араға 52 жыл салып, 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысымен қылмыс құрамының болмауына байланысты ақталды.

ОҚ ПЕН ОТТЫҢ ОРТАСЫНДА
ӘН САЛҒАН ОМАРОВА

Қазақ сахнасының алғашқы жұлдыздарының бірі, халықтың сүйікті әншісі Жамал Омарова – табиғат сыйлаған сирек дауыс иесі. Ол кәсіби музыкалық білім алмай-ақ өнердің биік шыңына шықты. Қазақ әнін Мәскеу сахнасында, майдан шебінде, түрлі халықтар алдында шырқап, ұлттық өнерді жаңа деңгейге көтерді. Оның дауысында даланың кең тынысы мен халық жанының нәзік үні тоғысты.

Жамалдың балалық шағы берекелі, тұрмысы тоқ заманда өтті. Шаңырақта қонақ үзілмейтін, бала тәрбиесіне, білім мен өнерге мән берілетін. Отбасы балаларын жақсы білімге баулып, қыздарын да ұлдармен қатар оқытуға тырысқан. Алайда бұл бейбіт өмір ұзаққа созылмады. 1928 жылы Кеңес өкіметінің байларды тәркілеу науқаны басталып, бір сәтте әулетінің бар дәулеті – зауыттары, мал-мүлкі, тіпті үй жиһазына дейін тартып алынды. Үй-іші бір түнде баспанасыз қалды. Әкесі, атасы, ағалары және нағашы туыстары «халық жауы» ретінде қуғынға ұшырап, жер аударылды. Бұл

оқиғадан кейін отбасы мүшелері жан-жаққа тентіреп, күнкөріс қамымен әркім әр жаққа кетуге мәжбүр болды. Жамалдың өзі де тағдырдың ауыр сынағын ерте сезініп, бір мезетте балалық шақтан айрылды.

Жамал небәрі он алты жасында тағдырдың ауыр салмағын сезінді. Әкесі мен туыстары қуғындылып, шаңырақтағы бар жауапкершілік оның иығына түсті. Ең үлкені өзі болғандықтан, бес бауыры мен қарт анасын аштық пен жоқшылықтан аман алып қалу үшін ол тұрмысқа шығуға мәжбүр болды. Болашақ жары қарапайым отбасынан шыққан, «әлеуметтік тегі дұрыс» деп саналатын жігіт еді. Бұл неке Жамалдың өз отбасын қуғыннан қорғап қалуына мүмкіндік берді. Жас жұбайлар өмір сүру үшін барын салды. Күндіз базарда сауда жасап, қолда барын өткізіп, күнкөріс қамын жасаса, түнде шам жарығымен тігін тігіп, тапсырыспен киім-кешек, төсек жабдықтарын дайындайтын. Дегенмен, осындай қиын кезеңдерде де Жамалдың жанын ән ғана жұбатты. Үйдің қоңыр түтінге толы шағын бөлмесінде ол кейде анасы мен бауырларына арнап баяу ғана қазақтың халық әндерін шырқайтын. Ән Жамал үшін үміт пен өмірдің мәнін сақтап тұрған жалғыз қуат көзі болды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда, Жамал Омарова өзге өнерпаздар секілді туған елін, майдандағы жауынгерлерді қолдау үшін алдыңғы шепке аттанды. Ол мәдениет майданының бір сарбазы ретінде тек сахнада емес, соғыс өрті шарпыған окоптарда, далалық госпитальдарда ән шырқады.

Солтүстік-Батыс майданға барған сапарында жауынгерлердің ортасында отырып, оқ пен оттың арасында өнер көрсетті. Кей кездері снаряд жарылысы мен пулемет үнінің арасында әнін тоқтатпай, одан сайын жігерлі шырқайтын. Мұндай сәттерде оның дауысы жай ғана өнер емес, алдыңғы шепке жеткен туған жердің амандық сәлеміндей, ауылдағы анасының, бауырларының жүрек жылуындай сезілетін.

Жамал Омарова Алматыда өмірден өтті. Өнерден қол үзбей, өмірінің соңына дейін сахнада, концерттер мен гастрольдік сапарларда жүрді. Артында ұрпаққа мол мұра қалдырды. Оның дауысы жазылған таспалар мен радиожазбалар қазақ музыкасының алтын қазынасы саналады.

ЕЛІНІҢ ЕРТЕҢІ ҮШІН
КҮРЕСКЕН ЕРБОЛ

Биыл қазақ жастарының бостандық пен әділдік үшін алаңға көтерілген Желтоқсан оқиғасына 40 жыл толып отыр. Сол ұлт тағдыры талқыға түскен кезеңде алаңда алған соққыдан көз жұмған жас – Ербол Сыпатаев болатын.

Талдықорған облысының (қазіргі Жетісу облысы) Көктал ауылында 1964 жылы дүниеге келген Ербол Желтоқсан оқиғасы тұсында Алматының энергетика институтының 2-ші курсына оқып жүреді.

«Қазақ КСР Жоғарғы Советі президумының Алматы және Қазақстанның өзге облыстарындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларына

тиісті баға беру жөніндегі комиссия қорытындысы» деректерінде: «Тағы бір қайғылы жағдай – алаңда басынан жарақаттанып, кейін қаза болған Алматы энергетика институтының студенті Е.М.Сыпатаевтың ісі. Оның әке-шешесі жоқ, туыскандары ғана бар. Бірақ олар Алматыға шақырылмаған. Қаза туралы анықтаманы ауруханадан МҚК қызметкері алады. Сосын ол милиция қызметкерлерімен бірге мүрде салынған табытты туыскандары тұратын жерге алып жүреді. Түн ішінде келеді, алдын ала хабарланған туыскандары оларды алдынан шығып күтіп алады. Оларға жігітті алаңда жаралы күйінде тауып алғандарын, ауруханада өлгенін, өлтірген адамның белгісіз екенін, қазір бұл іспен прокуратура айналысып жатқанын түсіндіреді», – деп жазылыпты. Жалпы, Сыпатаев туралы ресми құжаттағы аз ғана дерек осы екен.

Ал белгілі қаламгер Шаяхмет Оразымбекұлы өзінің «Ол алаңға өлім іздеп барған жоқ еді» атты мақаласында: «Сырт киімдері жыртылып, иықтарына төгілген шашы қобыраған қос бойжеткенді ығына алып қорғаштай шегінген Ербол бұларға құтырған итше ақырып жетіп келіп, онды-солды келтегін сермеген сауыттыны аяқтан шалып құлатты да, қасындағыларға «тез қоршаудан шығалық» деп қолдарынан жетелеп, қарсыдағы көпқабатты үйлердің қалқасына қарай жүгірді. Бұлар қарулылар қоршауынан жүгіріп өтіп, тар көшенің бойымен төмен қарай түсе бергенде арт жақтан естілген зілді дауысқа жалт қараса, қолдарында сапер күрегі бар екі формалы қуып келген. Ербол қыздарға: «Ештеңеге қайырылмай тез жүгіріп, үлкен көшеге шығып кетіңдер» дегенше, өкшелеп келіп, көздеріне қан толған қарулы екеу бас салып, Ерболмен айкаса кетті. Қолына, иығына тиген күрек соққыларына қарамастан арпалысқан Ербол оларға біразға дейін алдырмады. Ұзынтұрасын жамбасқа салып, алып ұрды. Тұра бергені сол еді, басына сарт ете түскен соққыдан әп-сәтте көзі қарауытып сала берді. Бар күшін жиып, төніп келген екінші соққыға қолын төсеп үлгерді. Бірақ аяғы тайғанап, сүрініп құлады. Осы сәтте орнынан әрең тұрып үлгерген ұзынтұра жүгіріп келіп, Ерболдың басына ауыр затпен салып қалды. Қапыда қалған албырт жас гүрс етіп құлады. Аяушылық пен мейірімділік атаулыны ұмытқан әлгі екеуі былапты сөздерді қарша боратып, құлап түскен Ерболды аяусыз тепкінің астына алды. Ауыр соққылардан Ербол есін жоғалтты. Одан әрі не болғанын білмейді. Есін жиып, кірпігін көтеруге ғана шамасы келгенде байқағаны – маңында тұрған ақ халатты дәрігерлер еді. Алдында тұрған ақ халаттыларға жалыны сөніп бара жатқан көздерін қадап жатып, ол «Қыздар құтылды ма екен?» деп ойлады. Оларға қарап жатып, ол «Мен алаңға өлім іздеп барған жоқ едім ғой», «Елім-ай, ертеңің не болар екен?» деп қиналды... 1986 жылы желтоқсанның жиырма үш күні Ербол Сыпатаев небәрі 22 жасында ауруханада жарық дүниеден қоштасты», – деп Ербол Сыпатаев туралы бұрын соңды кездеспеген тың деректер ұсынады.

Біз наурыз айында туған тұлғалар туралы іздегенде көктеммен бірге өмірге келген перзенттеріміз аз емес екеніне айқын көзіміз жетті. Олардың барлығын қағаз бетіне түсіре берсек, талай кітапқа жүк болары хақ. Ең бастысы, олардың есімдері ешқашан ұмытылмайды. Ұрпақ жадында жаңғыра береді.

Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ.



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Қоғамда әр отбасының тұрмыс-тіршілігі әртүрлі екені белгілі. Кейбір жанұялар өмірдің түрлі сынақтарына тап болып, қосымша қолдауды қажет етеді. Осындай жағдайда мемлекет тарапынан көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек көптеген отбасылар үшін маңызды тірекке айналып отыр.

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ КІМДЕР АЛА АЛАДЫ?

Атаулы әлеуметтік көмек – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы белгіленген кедейлік шегінен төмен азаматтарға (отбасыларға) берілетін мемлекеттік қолдау түрі. Бұл көмектің негізгі мақсаты – қиын жағдайға душар болған адамдарға жан-жақты қолдау көрсетіп, олардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ету.

АӘК екі бағытта көрсетіледі: шартты және шартсыз ақшалай көмек. Шартты ақшалай көмек құрамында еңбекке қабілетті мүшелері бар аз қамтылған отбасыларға беріледі. Бұл ретте көмек алушылар жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуы тиіс. Яғни, олар тұрақты жұмысқа орналасуға, кәсіптік оқуға немесе әлеуметтік бейімделуге бағытталған бағдарламаларға тартылып, өз тұрмысын жақсартуға мүмкіндік алады.

Ал шартсыз ақшалай көмек еңбекке қабілеттілігі шектеулі немесе белгілі бір себептермен жұмысқа орналасуға мүмкіндігі жоқ азаматтарға беріледі. Бұл санаттағы адамдарға мемлекет тарапынан ай сайын қаржылай қолдау көрсетіледі.

Көмек мөлшері әр отбасының табысына қарай жеке есептеледі. Сонымен қатар, табысы төмен отбасылардағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі әр балаға ай сайын 1,5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қосымша төлем қарастырылған.



Жамбыл ауданы бойынша 2026 жылдың 1 наурызындағы мәліметке сәйкес, атаулы әлеуметтік көмек 93 отбасындағы 604 адамға тағайындалған. Бірінші тоқсанда кедейлік шегі күнкөріс деңгейінің 70 пайызы мөлшерінде белгіленіп, 39639 теңгені құрады.

Атаулы әлеуметтік көмекке өтініш беру тәртібі де барынша жеңілдетілген. Азаматтар тұрғылықты жері бойынша Мансап орталықтарына немесе ауылдық округ әкімдіктеріне жүгіну арқылы, сондай-ақ «Электрондық үкімет» порталы арқылы онлайн түрде өтініш бере алады.

Жалпы, атаулы әлеуметтік көмек – тек қаржылай қолдау ғана емес. Ол азаматтардың өз мүмкіндігін іске асыруына, еңбек арқылы табысын арттыруына жол ашатын тиімді әлеуметтік тетік. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған мұндай қамқорлық қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға және халықтың әл-ауқатын арттыруға қызмет етеді.

Абзал ҚАБЫЛОВ,
аудандық Мансап
орталығы әлеуметтік жұмыс
секторының басшысы.

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛТЫН МЕДАЛЬ – ТАБАНДЫЛЫҚ ПЕН ҒЫЛЫМҒА АДАЛДЫҚТЫҢ БИІК БЕЛЕСІ



Жуырда Қарағанды қаласында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының қорытынды кезеңі өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген үздік оқушылар өз ғылыми ізденістерін сынап, білімдерін көрсетті.

Аталған конкурста аудан мен облыстың намысын қорғаған Гродеково орта мектебінің 11-сынып оқушысы Махсуд Усипов қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Тарих» секциясы бойынша үздік нәтиже көрсетіп, республикалық кезеңнің жеңімпазы атанып, алтын медальға ие болды.

Жас ұрпақтың зияткерлік әлеуетін дамыту және ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастыру – бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Осы мақсатта республикалық ғылыми жобалар конкурсы дарынды оқушыларға өз білімдері мен зерттеу дағдыларын көрсетуге мүмкіндік береді.

Махсудтың ғылыми жобасы тарихи тақырыпты терең талдауға негізделген. Ол дереккөздерді жан-жақты саралап, ғылыми тұжырымдарын дәлелдермен бекітіп, өз ойын жүйелі түрде жеткізе білді. Жас зерттеуші тарихи құбылыстарға тек сипаттама беріп қана қоймай, олардың себеп-салдарлық байланыстарын ашып, өз көзқарасын ғылыми тұрғыда ұсынды.

Қазылар алқасы Махсудтың жұмысын жоғары бағалап, оның ғылыми ізденісіндегі тереңдікке, талдау сапасына және тұжырымдарының нақтылығына ерекше назар аударды.

Жетістікке жетуде ұстаздың рөлі айрықша. Махсудтың ғылыми жетекшісі – тәжірибелі педагог, білікті маман Балқизар Мусаева. Ұстаз шәкіртке бағыт-бағдар беріп қана қоймай, зерттеу мәдениетін қалыптастыруда көп еңбек сіңірді. Бұл жетістік – тек бір оқушының ғана емес, тұтас

мектеп ұжымының, аудандық білім беру жүйесінің ортақ жеңісі. Жамбыл ауданы білім саласында дарынды балалармен жұмыс жүргізудің нақты нәтижесін көрсетті. Аудан мектептерінде оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлініп, олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін ашуға бағытталған түрлі жобалар мен байқаулар тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Дарынды оқушылармен жүйелі жұмыс болашақтың іргетасын қалайды. Себебі бүгінгі жас зерттеуші – ертенгі ғалым, ел дамуына үлес қосатын білікті маман. Махсуд Алиаскарұлының жеңісі – аудан мен облыс үшін зор мақтаныш. Оның жетістігі басқа оқушыларға үлгі болып, ғылымға деген қызығушылықты арттырады сөзсіз.

Эльмира ЖАЛҒАСҚЫЗЫ,
аудандық білім бөлімінің
әдіскері.

ЕСКЕ АЛУ

АЯУЛЫ БЕЙНЕҢДІ САҒЫНДЫҚ

(Ұлбосын Кенжебайқызының рухына)

Асау өзендей ағып өтер мына тіршілік дүниесімен шынымен қоштастың ба, бауырым? Ерте үзілген жапырақтай, көк жүзінде жарқ еткен найзағайдай, түнгі аспанда аққан жарық жұлдыздай өте шықтың ба өмірден? Төңірек түнеріп барады. Жер жылап тұрғандай. Өксігім қашан басылар? Қайғыға салдың, алтыным. Маңдайға сыймағаның өзекке дерт түсірді. Қайғының қамалы қиын боп тұр.

Кешегі күнді ойға алсам, жүрекке салмақ артар дүние аз емес-ау. Терең ой тұңғышқа жетелеп кете береді. Тіршілікте мәңгілік өмір бардай бейқам жүре береді екенбіз-ау. Ішінде қанша арман кетті, аңқылдаған аппағым? Жер бесікке бет бұрып бақи шамыңды жағуға неге асықтың? Сен мінген кеме енді оралмасын білсем де, келмейтініне көзім жетсе де, асыл жүзінді көріп қалатындай сағына беремін. Қанша зарласам да табылар емессің. Мезгілсіз өшкен шырағынды қайтіп жағамын деген беймаза ой жанымды жегідей жеп барады.

Баяны жоқ дүние-ай, жалғандығын тағы бір көрсетті. Кең дүниені тарылтатындай табиғат заңы соншама рақымсыз ба еді? Тағдырың ауыр болса да, гибратты ғұмыр кештің. Барға тасымаған, жоққа жасымаған қайран бауыр. Арамызда жүргенінді медет көруші едік. Бауыр дегенде өзегін суырып берер, қамыққан көңілді науша нұрымен жуып берер өзіндей ақ еділ жан енді бізге қайдан табылар?

Аяулы бейнең көз алдымда тұр. Кетпейтін де шығар. Жалғыз жұбанышым, жан сарайыңның жарығы, көзіңнің нұры болған төрт перзентің өмірінді ары қарай жалғар. Бақи дүниеде жәннат мекенінен жай нәсіп етіп, жайдары жаның нұрда шалқысын. Шуағы мол адам едің ғой, қабірің сәуеленіп тұрған болар...

Еске алушылар: бауырлары.



ТАРИХИ КЕШ

Алаштың ақтаңгері Әлихан

Жуырда Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназияда аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханның 160 жылдығына орай тарихи кеш өтті.



Аружан КҮНТУБАЙ

Оқушыларға Алаш көшбасшысының өмір жолы мен қоғамдық қызметін таныстыру, оның ұлт тарихындағы орнын насихаттау, жастардың әдебиет пен тарихқа деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруді мақсат еткен шараға мектеп-гимназияның тарих пәнінің мұғалімі Шынар Айдарханова қатысып, оқушыларға Алаш қозғалысының маңызы мен ұлт тарихындағы орны туралы мазмұнды әңгіме өрбітті.

Аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы Құралай Асхатаева жүргізген кештің негізгі бөлімінде «Алаштың Әлиханы» тақырыбында ұлт көсемінің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беріліп, қоғамдық-саяси қызметі, ғылыми еңбектері мен ел мүддесі жолындағы күресі жөнінде маңызды деректер айтылды.

Кездесу барысында Шынар

Дәулетхенқызы ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаған тұлға екенін, қазақтың тұңғыш демократиялық мазмұндағы үкіметі – «Алашорда» үкіметін басқарған көрнекті қайраткер болғанын атап өтті. Сонымен қатар Алаш арыстарының халыққа адал қызмет етіп, ел тәуелсіздігі жолында аянбай еңбек еткені туралы қосымша мәліметтер ұсынды.

Шара аясында «Әлихан Бөкейхан – Алаш қозғалысының көшбасшысы» атты бейнефильм көрсетіліп, слайд таныстырылды. Сонымен қатар кітап көрмесі ұйымдастырылып, қайраткердің өмірі мен шығармашылығына арналған әдебиеттерге библиографиялық шолу жасалды.



ОЙ КЕҢІСТІГІ

ЖЕТИГЕ ЖАСЫРЫЛҒАН ҒҰМЫР

Қазақ халқының дүниетанымында әрбір санның өзіндік орны болғанымен, жеті санның мағынасы айрықша терең әрі ерекше. Бұл киелі сан – ұлттың рухани болмысының ажырамас бөлігі, өмірлік қағидалар мен тәрбиелік жүйенің негіздерінің бірі. Халқымыз үшін жеті саны тұтастықты, үйлесімділікті және кемелдікті білдіреді. Сондықтан да ол салт-дәстүрде, құқықтық қағидаларда, тұрмыс-тіршілікте, тағам мәдениетінде, сондай-ақ дүниетанымдық көзқарастарда кеңінен көрініс тапқан. Мәселен, «жеті қазына», «жеті жарғы», «жеті күн», «жеті шелпек», «жеті ата» сияқты ұғымдардың барлығы осы санның киелілігін айқындайды.

Жеті ата дәстүрі – қазақ халқының көне әрі маңызды әлеуметтік-рухани институттарының бірі. Бұл – шежіре ретінде танылғанымен, түп мәнінде тәрбиелік мазмұны бай, құқықтық сипаты бар тұтас жүйе.

Әке, ата, баба, арғы ата, тек ата, түп ата, жеті ата – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тектік құрылымының алтын арқауы. Бұл туыстық қатынасты ғана білдірмейді, сонымен бірге ұлттың генетикалық, рухани және әлеуметтік тұтастығын сақтаудың маңызды тетігі болып табылады.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі – қан тазалығын сақтаудың тиімді жолы. Генетика ғылымында жақын туыстар арасындағы некенің түрлі тұқым қуалайтын аурулардың туындау қаупін арттыратыны дәлелденген. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ халқының бұл дәстүрі – табиғи сұрыпталу мен биологиялық қауіпсіздікті сақтаудың озық үлгісі.

Сонымен қатар, жеті ата қағидасы әлеуметтік маңызға да ие болған. Ол руаралық

Жеті ата



байланысты күшейтіп, ел ішіндегі татулық пен бірлікті нығайтқан. Яғни, бұл дәстүр тек отбасы шеңберінде ғана емес, тұтас қоғамның тұрақтылығына қызмет еткен.

Қазақ қоғамында әр адам өз тегін, жеті атасын білуге міндетті саналған. Бұл – жазылмаған заң, тәрбиенің өзегі. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген нақыл сөздің мәні де осында. Өйткені адам өз тегін тану арқылы өзінің тарихи тамырын сезінеді, бойында жауапкершілік пен намыс қалыптастырады.

Баланың жастайынан өз шежіресін білуі – оның ұлттық болмысын қалыптастырудың маңызды бөлігі. Әкеден балаға, атадан немереге жалғасқан шежіре айту дәстүрі – ұрпақтар сабақтастығының алтын көпірі. Осындай тәрбиенің арқасында қазақ халқы өзінің тарихи жады мен мәдениетін жоғалтпай, бірлігін нығайтып келеді. Өз тегін құрметтеген ұрпақ ешқашан тамырынан ажырамайды. Ол елінің, жерінің қадірін терең түсініп, ұлт мүддесіне адал қызмет етуге ұмтылады.

Ұлттық құндылықтардың қыр-сырын тереңірек тану мақсатында көнекөз қариялар мен тәжірибелі жандардың пікіріне жүгінген едік.

Жеті қазына



Жеті қазына ұғымы – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымының мәйегі, өмір сүру салты мен рухани болмысының көрінісі. Әрбір қазына халықтың тұрмыс-тіршілігімен, табиғатпен үндестігімен және адамгершілік қағидаларымен тығыз байланысты.

Ең алдымен, ер жігіт – жеті қазынанан өзегі. Қазақ ұғымында ер азамат – ел қорғаны, отбасының тірегі, ұлт намысын ту еткен тұлға. «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» деген нақыл бекер айтылмаған. Ер жігітке батырлық, батылдық, адалдық, жауапкершілік сияқты асыл қасиеттер жүктелген. Ол – қиындықта қайыспайтын, сын сағатта жол таба білетін қайсар жан. Ал сұлу әйел – отбасының берекесі мен ырысының бастауы. Қазақ халқы әйелді тек сұлулық символы ретінде ғана емес, ұрпақ тәрбиесінің алтын дінгегі деп таныған. «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз оның қоғамдағы орнын айқындайды. Ізгілік пен мейірімнің, даналық пен парасаттың иесі ретінде әйел – отбасының ұйытқысы.

Үшінші қазына – ақыл-білім. Білім – адамды биікке жетелейтін, өмірдің мәнін ұғындыратын құдіретті күш. Қазақ халқы «Білімді мыңды жығар» деп, білімнің артықшылығын ерте түсінген. Ақыл мен білім – тек жеке адамды емес, тұтас қоғамды алға бастайтын қозғаушы күш. Білімсіз адамды

халық «бағытсыз кеме» деп бейнелеп, оның өмірдегі орнын айқындап берген. Төртінші қазына – жүйрік ат. Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ үшін ат – ердің сенімді серігі, қанаты. Ат үстінде ер жеткен халық үшін жүйрік ат – еркіндіктің, жылдамдықтың, батырлықтың символы. «Ат – ердің қанаты» деген сөз осыдан туған.

Бесінші қазына – қыран бүркіт. Бүркіт – еркіндіктің, биіктік пен батыллықтың белгісі. Саятшылық өнерде қыран құстың орны ерекше болған. Алтыншы қазына – құмай тазы. Тазы – қазақтың аңшылық дәстүріндегі ерекше жануар. Оның шапшаңдығы, ептілігі, несіне деген адалдығы халықты тәнті еткен. Құмай тазы – сергектіктің, алғырлықтың, сенімділіктің белгісі. Жетінші қазына – берен мылтық. Бұл – ел мен жерді қорғаудың құралы ғана емес, батырлықтың белгісі. Қазақ үшін



қару – жауыздық емес, елді қорғау, намысты сақтау жолындағы қажеттілік. Бейбіт күнде ол тек сактықтың нышаны болса, қиын-қыстау заманда ер азаматтың серігіне айналған.

Жеті қазына – қазақ халқының өмірлік философиясының көрінісі. Бұл ұғымда материалдық пен рухани байлық өзара үйлесім тапқан. Әрбір қазына – тек тұрмыстық қажеттілік емес, ұлттың мінезін, болмысын, дүниетанымын айқындайтын асыл құндылық. Бүгінгі ұрпақ үшін жеті қазына – өткеннің мұрасы ғана емес, болашаққа бағдар беретін рухани темірқазық.

Құлзада НҰРЖАНОВА,
ардақты әже.

Наурызкөже



Наурыз мейрамы – табиғатпен бірге адам жаны да түлеп, рухани жаңғыратын ерекше кезең. Бұл – уақыттың жаңа тынысы, үміттің қайта оянуы, өткенге есеп беріп, болашаққа бағдар түзейтін сәт. Қазақ халқы үшін Наурызкөже – мәре-сәре болатын, әр үйдің қазаны қайнап, дастарханы толып, ағайын-туыс, көрші-қолаң бір-бірімен қауышатын күн. Жеті түрлі дәмнен тұратын бұл ас – халықтың дүниетанымы мен өмірге деген көзқарасының айнасы. Әрбір дәмнің астарында терең мән, өмірлік ұстаным жатыр.

Су – тіршіліктің бастауы. Ол – тазалық пен жаңарудың символы. Әдеби тұрғыдан қарасақ, су – уақыттың ағысы, өмірдің үздіксіз қозғалысы. Су секілді адам да тоқтамай дамуы тиіс. Ет – молшылықтың белгісі. Бұл жерде тек тоқшылық емес, еңбектің жемісі көрініс табады. Қазақтың тұрмысында «ет асқан үй – берекелі үй» деген ұғым бар. Демек, ет – тек ас емес, ол – еңбектің қадірін білдіретін құндылық. Тұз – татулықтың символы. «Тұз дәм» ұғымы қазақ әдебиетінде адалдық пен

сыйластықтың өлшемі ретінде жиі кездеседі. Тұзсыз ас дәмсіз болса, татулықсыз өмір мәнсіз. Май – береке мен байлықтың белгісі. Майлы ас – қуат пен күштің көзі. Әдеби тілмен айтқанда, май – өмірдің «құнары», адамның ішкі қуатын арттыратын нышан.

Ұн немесе дән – еңбек пен ризықтың белгісі. Дән – өмірдің бастау көзі, үміттің тұқымы, «болашақтың бейнесі», себебі бір дәннен мың дән өседі. Сүт (айран, қатық) – тазалық пен пәктіктің символы. Қазақ «ақ» ұғымын қасиетті санаған. Бұл – адам жанының тазалығы, ниеттің ақтығы. Күріш немесе жарма – ырыс-несібе деседі. Бұл – молшылықтың, тұрақтылықтың белгісі. Былай айтқанда, бұл – өмірдің «толысқан шағы», еңбектің нәтижесі.

Наурызкөже адамдарды жақындастыратын, көңілді жылытып,



бірлікке шақыратын берекелі дәм. Жеті түрлі дәм қосылғаны да бекер емес, татулық пен ырысты білдіреді. Әр шаңырақтың есігі ашық, әр жүрек мейірімге толы болады. Бұл күні адамдар бір-біріне тек дәм ұсынып қана емес, жылулық пен үміт сыйлайды. Қазақтың кең пейілі мен жақсы ниетінің көрінісі.

Ханзада НАРТБАЕВА,
ардақты әже.

Бетті дайындаған Аружан КҮНТУБАЙ.

Газеттің келесі саны 28 наурыз, сенбі күні шығады.

ШҰҒЫЛА-РАДУГА

МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177
Аружан КҮНТУБАЙ 87002642761
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395
Құрбанәлі Шахабай 87788758489
Жұматай Көксубайұлы 87088419629
Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Дизайнер-теруші:
Бас редактордың
орынбасары:
Тілшілер:

2-20-24
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰҰ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3094 Тапсырыс №155

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үйі.